

# егемен Ақжат

Шоқан және тұлғатану



Уәлиханов – 175 Үздік ақыл-ой әрекетімен адамзаттың интеллектуалдық тарихында өшпес із қалдырган тұлғалар көп емес. Сол азшылықтың ашқан жаңалықтары, материалдық және рухани құндылықтарды игеруге серпін берген қайраткерлігі, байлам-тұжырымдары ғасырлардан ғасырларға жалғасып, қалың қөшпілік игілігіне айналғанына қоса, талапты жанның жасампаздық қабілет-қарымын арттыруға да қызмет етеді еken. Ғылыми таным көкжиегін кеңейткен осындай мәңгі жарық жүлдіздар шоғырында қазақ ұлтының абзал перзенті Шоқан Уәлиханов бар. Шоқанның тарих, этнология, тіл, әдебиет, география, шығыстану, әскер ісі, өлкетану, т.б. салалардан қалдырган ғылыми мұрасы құні бүгінге дейін зерттелу үстінде, теориялық, методологиялық, танымдық, қолданбалық әлеуеті бір мысқал кеміген де жоқ. Қытай да, орыс та, өзбек пен қыргыз да, ұйғыр мен татар да, неміс пен француз да Шоқанды оки отырып, одан өзіне катыстысын, керегін табуда және кәдеге жаратуда. Шоқан ғылым тарихындағы ұлы тұлғағана емес, тарихтағы

ұлы тұлғаны ғылыми танудың үздік үлгісін көрсеткен жасампаз ойшыл. Тұптеп келгенде, оның бірде біршығармасы – қандай тақырыпқа жазылса да адамнан тыс емес, адам мәселесін айналып өткен емес. Бес томдық шығармалар жинағына енген өзірге мәлім 100-ден астам еңбегінде 3 мыңға жуық адам есімдерінің кездесуі, әрқайсысына мәлімет-сипат берілуі тарихтағы адам факторын мейлінше қастерлегенің көрсетеді. Әрине, бұлардың бәрі тұлға деңгейіне көтерілгендерге жата бермейді, қарапайым еңбек адамдары да аз кездеспейді.

Шоқанның тұлғатануға теренде енуіне себеп болған факторларға келсек, ең алдымен, көктей шолып қарайтын болсақ, арғы қазақтар дәуірінен тартып Отан тарихында тұлғалар жалғастығының үзілмегені. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ та, күй атасы Қорқыт та, ғылым күшп қыырға кеткен Әл-Фараби да, азаттық жолында құрбан болған Махамбет, Кенесары, Қайрат Рысқұлбеков те шынайы тұлғалар. Тұлға дегеніміз – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жузеге асырған) немесе шешу (жузеге асыру) жолын дұрыс нұсқаган әлеуметтік субъект. Тұлға дәйектеген ізашарлық нәтижені замандастары, кейінгі ұрпақ та кәдеге жаратады. Демек, Шоқан – олардың жалғасы. Келесі фактор – Шоқанның өз заманындағы танымал саясаткерлермен, әйгілі ғалымдармен, жоғары мәртебелі әскери мамандармен, мемлекеттік қызметшілермен, зиялы қауыммен, қазақ қоғамының елтұтқаларымен етene араласқаны. Мұндай аралас-құралас бір елдің, бір халықтың ауқымымен шектелмей, іргелес мемлекеттер мен халықтарды қамтып жатқандықтан ғылыми ой-таниямға қажет деректер мен дәйектер Шоқанның зерек ақылын байытпай тұрмады. Және ескеретін мәселе – дәстүрлі қазақ қоғамының бел баласы Шоқан Еуропалық жан-жақты білім алғып, алыс-жақын елдерге барғанда әралуан өркениеттерді салыстыру арқылы адамнан адамның, жерден жердің, салт-дәстүрден салт-дәстүрдің несі артық екенін дөп басып танитын қабілетін ұштай түскені. Тұлғатануда Шоқанды шындаған іргелі фактор оның жастайынан, Омбы кадет корпусын бітірген сәттен аса жауапты тапсырмаларды орындауга тартылғаны. 19 жасар жігітке жарты Қазақстанды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаган Батыс Сібір генерал-губернаторының адъютанты, ерекше тапсырмалар офицері қызметтерін ешкім кездейсоқ тапсыра салмағаны өз алдына, оған әлеуметтік-кәсіби, мәдени-имандық, азаматтық зор жауапкершілік те жүктелді. Әйгілі ғалым Ә.Марғұлан жазғандай, 20-дан енді ғана асқан шағында Шоқан Ұлы жүз қазақтарын, қырғыздың бұғы, сарыбағыш, солты тайпаларын бейбіт жолмен Ресейге қосу мәселесін шешуге араласқан екен. Бұған қоса Орталық Қазақстанға, Жетісі мен Тарбағатайға, қырғыз Ыстыққөлі мен Орталық Тянь-Шаньға ғылыми экспедицияға шығып, күні бүгінге дейін маңыздылығын жоймаған материалдар жинағаны, айтальық,

“Манас” епсін ішінара орыс тіліне аударғаны, Құлжада Қытай үкіметі өкілдерімен келіссөздер жүргізіп, Ресей мен аспан асты елі арасындағы сауда қатынастарын реттегені бар. Осының бәрі кәсіби біліктілікпен ғана біте салатын іс емес. Истің басы-қасында журген үлкенді-кішілі жауапты адамдардың тілін табумен, осал тұстарын көздеген мақсатына пайдалана білүмен, үздіксіз ізденіспен, адам факторын теренден ұғынумен шешіледі. Құлжаға барған сапары жайлы Шоқан “Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы” шығармасын жазған еді. Еңбек кейіпкерлерге толы, әрқайсысына интеллектуалдық сипаттама берілген. Тіпті базардағы адамдарға дейін: басына сәлде ораған ортаазиялық, әдеміше келген қашқарлық, тоз-тоз киінген тараншы, көзін ұйқы басқан маньчжур, қысық көз қытай, қамытаяқ қалмақ – бәрі Шоқанның назарына іліккен. Осы орайда ол қытайлар халықты екіге бөлөтінің: қара халықты – мин, қызметшілерді, патшаның жұмсауындағыларды – чен деп атайдынын алға тартады. Демек, адамтану мен тұлғатанудың әр елде, әр халықта өзіндік ерекшеліктері бар екенін қуаттайды. Тұлғатануда Шоқан ұстанған теориялық-методологиялық қағидаттарды жүйелеудің маңызы зор. Олардың маңдай алдысы – нақты орта мен уақыттағы ахуалдық сұраныс тұлғаны тарих сахнасына шығаратынын анық та қанық дәйектегені. Осынау қағидат ұлт тарихының тағдыр анықтағыш екі сәтіне байланысты: бірі – Қазақ хандығының шаңырағын көтеруге, екіншісі – “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” қасіретін женуге араласқан хандар, билер, батырлар, жыраулар еңбегі мен тағдырын бағалағанда

ерекше қолданылған.15 ғасырды, Керей мен Жәнібек хандар билеген жылдарды “алтын ғасыр”, басты идеологы Асан қайғыны “философ” десе, 18 ғасыр басын “қанды қырғын”, “жантүршігерлік”, “жаугершілік” деп сипаттайды. Үлт тұлғаларын қалыптастыру мен жасампаздық қабілет-қарымын ашуда 15 және 18 ғасырлардың алар орны ерекше екенін “Қазақ хандары мен сұлтандарының шығу тегі”, “18 ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар”, “Абылай”, т.б. еңбектерінде негізделген. Дегенмен, нақтылауды қажет ететін сұрақ бар. Ол – тұнғыш қазақ ханы Керейге мән бермей, Жәнібек хандығана атауы. Шоқан Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек сұлтандар екенін білмеді емес, білді. Бұған айғақ-дәлел іздесек, ол ғалымның 5 томдығының 4 томында тұр. Мұнда Шоқанның қаламынан тузы мүмкін деген жорамалмен “Географическо-статистический словарь Российской империи” басылымындағы “Киргиз-кайсаки” мақаласы берілген. Мақалада екі сұлтанның 1465 жылы Моголстанға жылжығаны, Есен бұғадан жер алғаны, хандық құрғаны, халқы 200 мыңға жетегабыл болғаны көрсетілген. Осының бәрін біле тұра, қазақтың тұнғыш ханы ретінде Жәнібектіғана атауы Шоқан мұрасын әлі де терендете зерттей түсіміз қажет екенін білдіреді. Тұлға танудағы Шоқан ұстанған теориялық-методологиялық келесі қағидат – тұлға тындырған істің уақыт пен орта сұранысынан да асып түсіп, болашаққа қызмет етуін сарапауы. Ғалымның “18 ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар” мақаласында ірілігі мен ерлігі ұлықталған Абылай хан, Жантай, Бөгөнбай, Сырымбет, Баян, Малайсары, Байғозы, Жәнібек, Оразымбет, Елшібек батырлар, Бұқар, Тәттікара жыраулар, Қазыбек би қазақ халқын жойылудан сақтап қалған тұлғалар. Тұлға қатарына қосатын қасиеттер жайлар ойлары да құнтарлы. Ондай болу үшін ақыл да, қайрат та, тапқырлық та, ержүректілік те, мінез де үйлесіп, ұштасып жатуы керек. Шоқанның: “Смутные обстоятельства того времени дают возможность Аблаю выказать свою храбрость, сметливость и ум самым блестящим образом”, “....басентинец Малайсары по богатству, храбости и по характеру и уаковец Баян по уму и храбости стоят выше всех” деген сөздері тұлғаның басқаларға ұқсамайтын ерекшеліктерін, қасиетін бірінші орынға қойып тұр. Шоқан тұлға мәселесін көтергенде олардың жасына қарай шектеу қоймайды. Абылайдың бекзаттық болмысы бала жасында, кісі қолында жүргенде-ақ байқалғанын айтуды бекер емес. Кейбір халықтың ауыз әдебиетінде әспеттелген батырлары 33 жыл пештің үстінде жатумен есейсе, қазақ батырлары құн санап, сағат санап өскенін аңыздардан, айталақ “Алпамыс батыр” жырынан жақсы білеміз. Бұл әсірелеу емес, өмір шындығы. Әке мен баланың дүшпанға қарсы бірлесе соғысқаны Шоқан еңбектерінде де айтылған. Ақыық ақын М.Макатаевтың “Райымбек, Райымбек!” поэмасында Райымбек алғаш ерлік жасағанда қыршын жас, сонысына қарамай баршаны елең еткізді делінеді. Жайына қалып, әлі аруақ пен тірі аруақ, Келеді бала есімін өзі ұрандал. Тірілер шошып, жағасын ұстап, тұр аулақ, Өлгендер көрде түскен де шығар бір аунап, Келеді қыршын есімін өзі ұрандал, – деп толғаныпты Мұқағали. Осы орайда ақынның іле-шала айтқан мына сөздеріне мән беру керек: Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек, Албанға алғаш өстіп өзін танытты! Көзге түсудің, жақсы атын шығарудың мұндай тәсілін арнайы зерттеу нысанына айналдырған жөн. Абылайдың да осы тәсілді қолданғаны кездейсоқтық емес әрі халық санасына орныққаны соншалықты, оның азан шақырып қойған Әбілмансұр есімі ығысып, тарихқа атасының есімімен енген жоқ па?! Ұлылар бірін бірі қайталамаса да, қайраткерлікте, ойшылдықта, жаңашылдықта жастайынан ортақ ұқсастық, сергектік көрсететіні болады екен. Бұл – бір. Екіншіден, 18 ғасыр батырларының ерлігін суреттегендеге Шоқан олардың бес қаруын, қарсы келген жауын найзамен іліп түсіргенін, үstem шыққанын ұлкен патриоттық сезіммен жазады. Ал енді 8 ғасырдың мұрасы Күлтегін тасындағы жолдарды оқып көрейікші. Мәтінде Күлтегін ерлігі былайша дәріптелмейді ме: “Күлтегін жаудың әскеріне опыра шабуылдады. Оң-тұтық басшыларын жаракты қолымен қоса бағындырды.... Жиырма бір жасында Чача-сенұнмен соғысты. Ең ілкі рет Тадықын-чордың боз атын мініп айқасты... Екінші рет ышбара Ямтардың боз атын мініп айқасты. Ол ат онда өлді. Ушінші рет Иегін-Сіліг-бектің кежімді торы атын мініп айқасты. Ол ат онда өлді. Жарагына, қалқанына жүзден артық оқ тиді. Дұлығалы басына бірін де тигізбеді.... Күлтегін байырқудың ақ айғырын мініп, опыра шабуылдап, бір ерін окпен ұрды. Екі ерін қуалап шаншыды.... Күлтегін ол соғыста отыз жаста еді... Алты ерін шаншыды... жетінші ерін

қылыштады”, – делінген мәтінде. Екі шығарманың арасын мындаған жылдар бөліп жатыр. Бірақ көз алдымызда бір ғана шайқастың суреті тұрган тәрізді. Дүшпаны ұшына ілінген сол наиза, жарқылдаған сол алмас қылыш, жеңіске жеткізген сол әбжілдік. Қарсыластарының да осал болмағанын ескерtedі.

Ерлік елге – мұра, ұрпакқа – ұран деген қағида осындайдан шыққан болар, сірә.

Шоқан еңбектерін оку барысында тұлғаның пайда болуына қоғамдағы табиғи-ырғакты даму септесетінін көре аламыз. Олардың қайнар көзі халық пен мемлекеттілікте, азаттық пен еркіндікте жатыр. Шоқанның ғылыми көрегендігі өмірде дәлелденді. Қазақ хандығы тұсында табиғи-ырғакты жолмен өсіп-өнген тұлғалар халықтың жадында мәңгіге сақталса, патшалық отарлау тұсында шынжыр балақ, шұбар төс атанған жалдамалы елтүтқалар С.Мұқанов әшкөрелеген “итбайлардың” қатарын толықтырды. Соның өзінде халықтың қамын жеген тұлғалар шықпай тұрмады. Әрине, қазақ хандығындағы элита мен отарланған Қазақстандағы элита арасындағы айырмашылық жер мен көктей болатын. Біріншісі, туған елінің нығаюы мен қауіпсіздігі үшін жан алып, жан беріссе, екіншісі империяның табанына түскен елі мен жерін аман сақтап қалудың жолын іздеді. Керей, Жәнібек, Тәуке, Абылайлар дәстүрлі, саяси, әлеуметтік, құқықтық негізге сүйенді, ал XX ғасыр басындағы Әлихан, Сәкен, Мұстафалар тапқа, руга, жүзге жіктелісі деформацияланған, әлемдік өркениеттен кенже қала бастаған қазакты оянуға шақырды. Қазақ хандығының элитасымен Ресей де, Қытай да, ортаазиялық билеушілер де есептесуші еді. Енді әлемнің алпауыттары қазактың элитасына үлкен ойынға қажет кіші құрбандық ретінде қарайтын болды. Жинақтап айттар болсақ, ғұламағалым Шоқан Ұәлихановәлем мен қазақ халқының соңғы 3 мынжылдық тарихына еркін бойлап, оның әр кезеңі мен дәуірінде ілгерілеудің де, іркілістің де тұтқасы адам қолында қала бергенін қапысыз дәйектеді.

Ханкелді ӘБЖАНОВ

Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор.